

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру институтының докторанты полиция капитаны Кайнар Ерболат Ержанұлының 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық – құқықтық және криминологиялық мәселелері» тақырыбындағы диссертациясына

П І К І Р

Тақырытың өзектілігі. Диссертант Е.Е. Қайнар бұл тақырыппен 2013 жылдан бері шұғылданып келеді. Осы кезең аралығында, диссертациялық ізденіс барысында, заңтану ғылымы, соның ішінде қылмыстық атқару жүйесі үшін зерттелуге зәру де өзекті мәселе — қылмыстық-құқықтық және қылмыстану (криминология) жүйесіндегі кемшін қалып жатқан тұстардың бағытын айқындап, жұмыстың нысаны мен пәні, мақсаты мен міндеттері және қажетті материалдарға сәйкес, негізгі қағидалар мен әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану арқылы іске асырды деп білемін. Оған зерттеу жұмысының ғылыми жаңалықтары, жаңалықтардың теориялық маңызы, практикалық мәні, әдістемелік тәсілдері жарқын дәлел бола алады. Пенитенциарлық жүйедегі өзекті мәселелерді тәжірибе жүзінде, статикалық, салыстырмалы аспектіде қарастырып, берік теориялық негіздер, мол заңдық материалдар негізінде қорғауға бірнеше тұжырымдар ұсынып, ол бойынша соны ғылыми түйіндер, тұжырымдар мен қорытындылар жасай алды. Осы мақсатта ізденуші-докторант өз ой-тұжырымдарын түрлі деңгейлердегі жиындар мен жинақтарда жариялап, нәтижесін мақұлдады. Диссертация мазмұнын баяндайтын жеті ғылыми мақала жариялады. Осы айғақтар диссертациялық тақырыптың өзектілігіне, жан-жақты, терең қаузалу сатыларынан өткендігіне әрі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу мәселелері бойынша мемлекеттік тілде монографиялық деңгейдегі алғашқы тың да соны зерттеулердің бірі екендігіне күмән туғызбайды.

Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігіне келсек, диссертант Е.Е. Қайнар ізденіс жасау барысында хал-қадерінше әлемдік, орыс, қазақ заңтану ғылымында жинақталған ғылыми-теориялық тұжырымдар мен әдістемелік-тәжірибелік түйіндерді зерделеп, пенитенциарлық мекемелерде ұйымдасқан қылмыстық топтар жасайтын қылмыстардың нысаны мен оған қарсы күрестің әдістерін, реттелу заңдарын, дереккөздері мен ұлттық құқықтық жүйедегі қылмыстық атқару саласы бойынша осал түсіп жатқан тұстарды анықтап, теориялық негіздеп, қылмыстық кодекстің баптарына өзіндік өзгертулері мен толықтыруларын жасады. Бұл диссертацияның кіріспе, негізгі бөлімдері мен қорытындысында айқын көрініс берген. Олар өмірлік тәжірибеге, заңдық құжаттарға және ақпараттарға және арнаулы ғылыми әдебиет көздеріне талдау жүргізу нәтижелері бойынша алынған. Ұсыныстар

мен ұсынымдардың құндылығы қылмыстық-атқару жүйесі қызметін және криминология мен қылмыстық құқық ғылымдарын жетілдіруге бағытталған. Алабөтен атап өтерлік жайт, диссертациялық жұмыстың басты ғылыми зерттеу нәтижелері ОҚО, Қызылорда облысы, Қарағанды және Ақмола облыстарының Қылмыстық-атқару жүйесі Департаменттеріне қарасты жазаны өтеу мекемелерінен алынған.

Ғылыми жұмыстың тәжірибелік және теориялық ерекше мәні бар. Диссертант Е.Е.Кайнар еңбегін қылмыстық атқару жүйесі бойынша қажетті, толық мағыналы және өте маңызды жұмыс ретінде ұсынады. Диссертациялық жұмыстың зерттеу барысында алынған нәтижелері иланымды, жоғары деңгейде, қылмыстық-атқару құқықғы, қылмыстық құқықғы және криминология ғылымдарына белгілі бір үлесі бары сөзсіз және қылмыстық атқару заңнамасының жетілдіруіне, қылмыстық-атқару жүйесіне болашақ қызметкерлер дайындау барысында педогогикалық қызметте, ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресу мәселелеріне қатысты ҚР ІІМ орта және жоғары оқу орындарының арнайы курстық даярлықтардан өткізу барысында қолданылуына әбден болады.

Диссертация материалдары бойынша жарияланымның толықтығы республикалық және халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларға дайындалған 6 мақалада, оның ішінде екеуі Ресей Федерациясы ІІМ оқу орындарында болып өткен халықаралық конференцияларында баяндалғанын атап өткен ләзім. Білім және ғылым министрлігінің бақылау Комитеті ұсынған республикалық ғылыми еңбектер жинақтарында 3 мақала, Publishing - Journal of Advanced Research in Law and Economics (ISSN2068696X-Romania-Scopus) журналында 1 мақала көрінісін тапты.

Ескертпелер мен түзетулер зерттеу жұмысын жүргізу барысында орындалды.


Қорытындылай келе, диссертант Е.Е. Қайнардың диссертациялық зерттеуінің жоғарыдағы жетістіктерін негізге ала отырып, жұмыстың толыққанды, аяқталған еңбек екендігін ескере келіп, заң ғылымдарының PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп түйдім. Сондықтан диссертациялық кеңес алдында қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші:

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
заң ғылымдарының докторы профессор
полиция полковнигі

“ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН”
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ
ХАТШЫЛЫҚ БАСТЫҒЫ

Шеңбербаева К.С.
Шеңбербаева К.С.



З.С.Тоқыбаев